



010000, Астана қаласы, Есіл ауданы,
Мәңгілік Ел көшесі, № 8 үй, тел.: 8(7172) 74-38-01,
факс: 8(7172) 74-38-24, e-mail: info@economy.kz

010000, г. Астана, район «Есіл»
улица Мангилик Ел, дом № 8, тел.: 8(7172) 74-38-01
факс: 8(7172) 74-38-24, e-mail: info@economy.kz

№ _____

№ исх: 24-5/10470 от: 22.05.2017

**Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаттары
М. Магеррамовқа, Ж. Ахметбековке,
Г. Баймахановаға, А. Қоныровқа,
В. Косаревке, И. Смирноваға,
Т. Сыздықовқа**

2017 жылғы 4 мамырдағы № ДЗ – 127 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) жоғарыда көрсетілген хаттағы мәселелерді қарап, мынаны хабарлайды.

Қазіргі таңда Қазақстан дүниежүзілік экономикалық және сауда жүйелеріне толықтай интеграцияланған: Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымындағы мүшелігі біздің өндірушілерімізге өз тауарларын барлық негізгі дүниежүзілік нарықтарға кемсітушіліксіз жеткізуге, ал Еуразиялық экономикалық одақтағы мүшелігі 180 млн. адам халқы бар нарыққа еркін қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Қазақстан әлемдік нарықтарға негізінен шикізат тауарларын жеткізетінін (2016 жылы жалпы экспорттың шамамен 65%) ескере отырып, қазіргі уақытта біздің экономика дағдарыс құбылыстарына, тұтыну мен өндірудің дүниежүзілік конъюнктурасына, сондай-ақ біздің негізгі экспорттық тауарларымыздың бағаларының құбылмалылығына тәуелді.

Осыған орай, Мемлекет басшысы 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында Ұлттық экспорттық стратегияны (бұдан әрі – Стратегия) әзірлеуді және қабылдауды тапсырды. Стратегияның негізгі мақсаты жаңа нарықтарға шығу және жеткізу географиясын кеңейту, сондай-ақ экспортты қолдаудың және ілгерілетудің үйлестірілген, тиімді және айқын тетігін құру болып табылады.

Анықтама ретінде: Стратегияны қабылдау мерзімі – 2017 жылғы тамыз.

Бұл құжаттың 2025 жылға қарай шикізаттық емес тауарлар экспортының көлемін екі есеге ұлғайту мақсатына жетуге бағытталатынын

және мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалармен тығыз байланыста екенін атап өткен жөн.

Қазіргі уақытта Министрлік Стратегияны әзірлеу бойынша белсенді жұмыс жүргізуде: жұмыс тобы құрылды және оның құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың, жергілікті атқару органдарының, ұйымдардың, қауымдастықтардың, іскери топтардың өкілдері кірді; Стратегияны әзірлеу бойынша мәжілістер тұрақты негізде өткізілуде және олардың барысында қойылған мақсаттарға жету бойынша шаралар әзірленіп, талқылануда.

Стратегияны әзірлеу кезінде экспортты ілгерілету үшін ішкі және сыртқы кедергілер және оларды жою жөніндегі шаралар, көлік инфрақұрылымы, біздің тауарлардың бәсекеге қабілеттілігі талдануда, сондай-ақ шет мемлекеттердің экспортты дамытудағы табысты бағдарламаларының ең жақсы үлгілері зерделенуде және қолданылуда. Сонымен қатар, экономика салаларын дамыту жоспарларына, жоғары қосылған құны бар дайын өнімдерді өндіру бойынша перспективалы жобаларға ерекше көңіл бөлінуде. «Kazakh Export» АҚ ұлттық компаниясының негізінде «бірыңғай терезе» қағидаты көзделеді.

Бүгінгі күні Стратегияны әзірлеудің шеңберінде ағымдағы экспортты арттырудың және жаңа экспорттық позицияларды табудың айтарлықтай әлеуеті бар басым экспорттық қоржын айқындалуда.

Стратегияны іске асыру мақсатында мемлекеттік органдармен, оның ішінде Сыртқы істер министрлігімен және ұйымдармен өзара іс-қимылда экспорттық әлеуетті арттыру бойынша бірқатар іс-шараларды қамтитын Жол картасы қабылданады.

Жүргізілген талдаудың шеңберінде Қазақстанның экспорттық қызығушылық тауарлары бойынша негізгі өткізу нарықтары алдын-ала анықталды:

- 1) Басым қызығушылық елдері: Ресей және Қытай;
- 2) Жоғары қызығушылық елдері: Украина, Үндістан, Өзбекстан, Қырғызстан, Иран, Беларусь, Түркия, Вьетнам және Израиль;
- 3) Орташа қызығушылық елдері: Әзірбайжан, Латвия, Нидерланд, Тәжікстан, Моңғолия, Армения, Түрікменстан, Польша, Грузия және Ауғанстан;
- 4) Ұзақ мерзімді перспективада қызығушылық бар елдер: Жапония, Оңтүстік Корея, Италия, Германия, Финляндия, Франция, Швейцария және Ұлыбритания.

Сонымен қатар, дүниежүзілік және өңірлік нарықтардағы экспорттық тауашаларды игеру мәселесі ЕуразЭО шеңберінде де пысықталуда екенін айрықша айту қажет. Мәселен, Иранмен, Израильмен, Сингапурмен және Сербиямен еркін сауда аймағы (ЕСА) туралы келісімдер бойынша келіссөздер жүргізілуде, 2016 жылғы желтоқсанда ЕуразЭО мемлекеттерінің басшылары Үндістанмен және Мысырмен келіссөздерді бастау туралы шешімдер қабылдады.

Осы келісімдердің негізгі мақсаты жоғарыда көрсетілген елдердің нарықтарына преференциялы қолжетімділік алу, олардың кедендік әкелу баждарын нөлге айналдыру/төмендету, сондай-ақ осы елдерден Қазақстанға инвестициялар тарту болып табылады.

Осы елдермен ЕСА құрылғаннан кейінгі қосымша артықшылық Қазақстанның үшінші елдер үшін инвестициялық тартымдылығының артуы болуы тиіс, өйткені еліміздің аумағында өндірістер ашу үшінші елдердің өндірушілері үшін ЕСА құру туралы келіссөздер жүргізіліп жатқан елдердің нарықтарына преференциялы қолжетімділіктің барлық артықшылықтарын алуға мүмкіндік береді.

ЕСА құрудың әлемдік тәжірибесі келісімдердің осындай форматының тиімділігіне куә екенін атап өткен жөн.

Бұдан басқа, ЕуразЭО шеңберінде Қытаймен сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім бойынша келіссөздер жүргізілуде. Осы келісім өзара сауданы жеңілдетуге, сондай-ақ біздің елдер арасындағы сауданы әкімшілендіруге қатысты процестердің барынша ашық болуы үшін жағдай жасауға бағытталған.

Моңғолиямен ЕСА туралы келісімді жасасудың орындылығын зерделеу Еуразиялық экономикалық комиссия мен Моңғолияның Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойғаннан кейін құрылған жұмыс тобының шеңберінде жүргізілуде. Ұзақ мерзімді перспективада Шанхай ынтымақтастық ұйымының кеңістігінде Пәкістанмен ЕСА құру жоспарлануда.

Орталық Азия және Кавказ елдерімен жүргізілген жұмысқа қатысты: Қазақстан, Ресей және Беларусьпен қатар Қырғызстан мен Армения өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы болып табылатын және еркін сауда туралы келісімдермен салыстырғанда тығызырақ интеграцияны көздейтін ЕуразЭО-ның мүшелері болып табылады.

Сондай-ақ, Қазақстан мен Орталық Азия және Кавказ елдері арасында ТМД ЕСА туралы шарттың және еркін сауда туралы екіжақты келісімдердің шеңберінде еркін сауда режимі әрекет ететінін атап өткен жөн.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде аталған жұмыстардың нәтижесі экспортты қолдаудың және ілгерілетудің кешенді ұлттық жүйесін қалыптастыру, дайын өнімнің өндірісін және экспортын ұлғайту және соңында ұлттық экономиканың өсуі болуы тиіс.

Ақпарат ретінде енгізіледі.

Құрметпен,

Министр

Т. Сүлейменов

№ исх: 24-5/10470 от: 22.05.2017

**Депутатам Мажилиса
Парламента Республики Казахстан
М. Магеррамову, Ж. Ахметбекову,
Г. Баймахановой, А. Конурову,
В. Косареву, И. Смирновой,
Т. Сыздыкову**

На письмо № ДЗ – 127 от 4 мая 2017 года

Уважаемые Депутаты!

Министерство национальной экономики Республики Казахстан (далее – Министерство), рассмотрев вопросы указанные в письме, сообщает следующее.

На сегодня Казахстан полностью интегрирован в мировую экономическую и торговую системы: членство Казахстана во Всемирной торговой организации позволяет нашим производителям поставлять свои товары на все основные мировые рынки на недискриминационной основе, а членство в Евразийском экономическом союзе – получать свободный доступ на рынок с суммарным населением порядка 180 млн. человек.

Учитывая, что Казахстан в основном поставляет сырьевые товары на мировые рынки (за 2016 год около 65% от общего экспорта), в настоящее время наша экономика зависима от кризисных явлений, конъюнктуры мирового потребления и производства, а также волатильности цен на наши основные экспортные товары.

В этой связи, Главой государства в своем Послании народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» от 31 января 2017 года поручено разработать и принять Национальную экспортную стратегию (далее – Стратегия). Основной целью Стратегии является выход на новые рынки и расширение географии поставок, а также создание скоординированного, эффективного и прозрачного механизма поддержки и продвижения экспорта.

Справочно: срок принятия Стратегии – август 2017 года.

Необходимо отметить, что данный документ будет направлен на достижение цели по увеличению объема несырьевого экспорта товаров в два

раза к 2025 году и тесно взаимосвязан с государственными и правительственными программами.

В настоящее время Министерством ведется активная работа по разработке Стратегии: сформирована рабочая группа, в состав которой вошли представители заинтересованных государственных органов, местных исполнительных органов, организаций, ассоциаций, деловых кругов; на постоянной основе проводятся совещания по разработке Стратегии, в ходе которых вырабатываются и обсуждаются меры по достижению поставленных целей.

При разработке Стратегии анализируются внутренние и внешние барьеры для продвижения экспорта и меры по их устранению, транспортная инфраструктура, конкурентоспособность наших товаров, а также изучаются и применяются лучшие примеры успешных программ развития экспорта иностранных государств. Также особое внимание уделяется планам по развитию отраслей экономики, перспективным проектам по производству готовой продукции с высоким уровнем добавленной стоимости. Будет предусмотрен принцип «единого окна» на базе национальной компании АО «KazakhExport».

На сегодня в рамках разработки Стратегии определяется приоритетная экспортная корзина, по которой имеется значительный потенциал нарастить текущий экспорт и выявить новые экспортные позиции.

В целях реализации Стратегии будет принята Дорожная карта, включающая в себя ряд мероприятий по наращиванию экспортного потенциала во взаимодействии с государственными органами, в том числе Министерством иностранных дел, и организациями.

В рамках проведенного анализа предварительно определены основные рынки сбыта по товарам экспортного интереса Казахстана:

- 1) Страны приоритетного интереса: Россия и Китай;
- 2) Страны высокого интереса: Украина, Индия, Узбекистан, Кыргызстан, Иран, Беларусь, Турция, Вьетнам и Израиль;
- 3) Страны умеренного интереса: Азербайджан, Латвия, Нидерланды, Таджикистан, Монголия, Армения, Туркменистан, Польша, Грузия и Афганистан;
- 4) Страны, представляющие интерес в долгосрочной перспективе: Япония, Южная Корея, Италия, Германия, Финляндия, Франция, Швейцария и Великобритания.

Также необходимо подчеркнуть, что вопрос освоения экспортных ниш на мировом и региональном рынках прорабатывается и в рамках ЕвразЭС. Так, ведутся переговоры по соглашениям о зоне свободной торговли (ЗСТ) с Ираном, Израилем, Сингапуром и Сербией, в декабре 2016 года главами государств ЕвразЭС приняты решения о начале переговоров с Индией и Египтом.

Основной целью данных соглашений является получение преференциального доступа на рынки вышеуказанных стран, обнуление/снижение их ввозных таможенных пошлин, устранение барьеров для казахстанских товаров, а также привлечение инвестиций из этих стран в экономику Казахстана.

Дополнительным преимуществом после создания ЗСТ с данными странами должно стать увеличение инвестиционной привлекательности Казахстана для третьих стран, поскольку открытие производств на территории нашей страны позволит производителям третьих стран получать все преимущества от преференциального доступа на рынки стран, с которыми ведутся переговоры о создании ЗСТ.

Следует отметить, что мировой опыт создания ЗСТ свидетельствует об эффективности такого формата соглашений.

Кроме того, в рамках ЕвразЭС ведутся переговоры с Китаем по соглашению о торгово-экономическом сотрудничестве. Данное соглашение призвано упростить взаимную торговлю, а также создать условия для максимальной прозрачности в процессах, связанных с администрированием торговли между нашими странами.

Изучение целесообразности заключения соглашения о ЗСТ с Монголией ведется в рамках рабочей группы, созданной после подписания Меморандума о торгово-экономическом сотрудничестве между Евразийской экономической комиссией и Правительством Монголии. С Пакистаном в долгосрочной перспективе планируется создать ЗСТ на пространстве Шанхайской организации сотрудничества.

Касательно проводимой работы со странами Центральной Азии и Кавказа: Кыргызстан и Армения, наряду с Казахстаном, Россией и Беларусью являются членами ЕвразЭС, который является международной организацией региональной экономической интеграции и предусматривает более тесную интеграцию по сравнению с соглашениями о свободной торговле.

Также необходимо отметить, что между Казахстаном и странами Центральной Азии и Кавказа уже действует режим свободной торговли в рамках Договора о ЗСТ СНГ и двусторонних соглашений о свободной торговле.



На основании вышеизложенного, результатом указанных работ должны стать формирование комплексной национальной системы поддержки и продвижения экспорта, увеличение производства и экспорта готовой продукции, и в конечном итоге рост национальной экономики.

Вносится в порядке информации.

С уважением,

Министр

Т. Сулейменов

 Дархан Бейсенбай, Әсет Оңласов
 74-35-71, 74-38-12